



Бекітемін

№6 «Сандуғаш» бөбекжай-бақшасы ЖШС

менгерушісі _____ Әшірбекова Р.Б.

«27»08 2024ж

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әректің перспективалық жоспары**

Тәрбиешілері: Медетбекова С.Н.
Темирова Р.С.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ
ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН
ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ**

ЖОСПАРЫ Білім беру ұйымы:№6 “Сандуғаш” бөбекжай-бақшасы ЖШС .

“Ботақан” ересек тобы

Балалардың жасы:4 -жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек

Қ/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<i>Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы</i>		
1.	Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Бестемше, Тас қала, Қыз қуу, Асық ату, Шаңырақ, Теңге алу, Бес тас, Шертпе тас, Тоғыз құмалақ т.б.) «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында 2- апта) «Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында 3-апта) Еңбегі адал жас өрен , өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Табиғат орталығында, алаңқайда, топта, үйде қарапайым істерді орындпуға көмектесу (Ойын шаралар: Мен дұрыс киіне білемін, Қызық екен, Сұрақ-жауап, Тазалық

		біздің досымыз, Әдептілік әліппесі, Адалдық адамдықтың белгісі, Болады болмайды , Ы.Алтынсарин Бір уыс мақта , Әке мен бала шығармсын әңгімелеу т.б.)
2	Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту	« Өнегелі 15 минут » ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау
3	Көркем әдебиет	« Балалар кітапханасы »-жобасы Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.
4	Саут ашу негіздері	С
5	Қазақ тілі	« Апта дәйексөздері » аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру Ел боламын десең, бесігіңді түзе, Еңбек еткен — мұратқа жеткен, Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас. Дос – ажарың, жолдас – базарың. « Тілім менің тірегім » ата-анамен тәрбиеленушілер арасында сайыс ұйымдастыру сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын арттыру, өз тілін құрметтуге үйрету
6	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері	Қаржылық сауаттылық математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту. Заттарды зерттеу барысында олардың пішін көлемін көзбен өлшеу қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнені ойлауды, есте сақтау қиялдауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, (ойындар: Теңге алу, Айырмашылығын тап, Банкомат, Теңге бинго, Ақша жұмсап үйренеміз, Әмиян, Дүкен т.б.
7	Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;	Бояулар сыры- топ аралық байқау Қазақ ою-өрнектерінің түрлері ("түйетабан", "құсқанаты") туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту

	Сурет салу	
8	Мүсіндеу	Зергерлік бұйымдарымен (тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттар моншақпен безендіру
9	Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру, (Құстар біздің досымыз, Күз сыйы, Көкөністер, Балабақшам мақтанышым т.б.)
10	Құрастыру	«Қамқор» жобасы Құстарға ұя саламыз , ата-анамен бірге өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған зат ұяның шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Әже өсиеті, Әке шапағаты, Ұрпақ сабақтастырғы жоба жұмыстарын жүргізу.
11	Музыка	«Күй күмбірі» , балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру.
12	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру	«Үнемді тұтыну» , «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Еңбегі адал жас өрен: үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау Қауіпсіздік ережесі Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. ("Балалар", "Трамвай аялдамасы", "Автобус аялдамасы", "Метро аялдамасы", "Тройллебус аялдамасы", "Жаяу жүргіншілер жолы") жол белгілерімен таныстыру

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ
ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ
ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН

ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Білім беру ұйымы: №6 «Сандуғаш» бөбекжай-бақшасы ЖШС .

“Ботақан”ересек тобы

Балалардың жасы: 4-жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан

Қ/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<i>Тәуелсіздік және отаншылдық айы</i>		
1.	Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Татулық бірлік ұраны Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.(Бестемше,Тас қала, Қыз қуу, Асық ату, Балалар мен педагогтар мен спорттық ойындар(1-апта) Еңбегі адал жас өрен , өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Табиғат орталығында, алаңқайда, топта, үйде қарапайым істерді орындауға көмектесу “ Бәріміз бірге мықтымыз”
2	Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту	«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру. Ата-ананың үйде балабақшада балаға көңіл бөлуіне жағдай жасау Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. -Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді(р,л)дыбыстарды анықайтуға жаттықтыру. -Артикуляциялық апаратты жетілдіру. Сөздік қор.

		-Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну,заттар дың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін сөйлеуде қолдану.
3	Көркем әдебиет	«Мен отанымен мақтанамын» ата-анамен тәрбиеленушілер арасында сайыс ұйымдастыру сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын арттыру, өз тілін құрметтуге үйрету (II-апта) Балалардыңтүрліәрекеттеріндеертегілерді,әңгімелерді,өлеңдердітыңдауға,көркем сөзге,кітап қақызығушылыққа баулу. Тыңдалғаншығарманыңмазмұнынқайталапайтуға,қысқаөлеңдерді, санамақтардыжатқаайтуға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға,кейіпкерлерінежанашырлық танытуға баулу.
4	Қазақ тілі	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендттерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру “Менің елім-Мәңгілік ел” Әрбір балал үшін ең асыл қазына -отанын,туған елін сүю “Отан үшін күрес - ерге тиген тиген үлес” деген қанатты сөзін еске салып тұратын болсын-деген.(III-апта)
5	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері	“Жас метеоролг” эклогиялық бағытта математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту. “SMART BALA” инавациялық жобалар конкрусy арқылы құндылықтырды дәріптеу Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардантұратындығытуралытүсінікберу. Сан,санау. 2-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау,сандардыретібойыншаатауға«нешінші?»сұрағынажауапберугежәнеқорытындысандыатауға«барлығы қанша?»сұрағынажауап беругеүйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.

		Шама:Заттаршамасыбойыншаәртүрліболатындығыжайлытүсінікберу. Ұзындығы, ені бойынша екі затты салыстыру Геометриялықфигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып атай білуге үйрету.
6	Шығармашыл ық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; Сурет салу	Бояулар сыры- топ аралық байқау Қазақ ою-өрнектерінің түрлері туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту
7	Мүсіндеу	Зергерлік бұйымдарымен (тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттар моншақпен безендіру
8	Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру, (Құстар біздің досымыз, Күз сыйы, Көкөністер, Балабақшам мақтанышым т.б.)
9	Құрастыру	«Қамқор» жобасы “ Қартарым аман сау жүрші” әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылыөтыарды дәріптеу Әже өсиеті, Әке шапағаты, Ұрпақ сабақтастырғы жоба жұмыстарын жүргізу. Құрылыс материалдарынан,«лего»конструкторларданқұрастыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып,пластиналардытігінен және кірпіштерді,бөлшектердікөлденеңіненорналастыру. Қағазданқұрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету:қағаздың парағын ортасынан бүктеп,шиыршықтап,көлемдіпішіндерге,орамдарға,ілмеккеайналдырабілу,бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу.

10	Музыка	«Күй күмбірі», балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, Аспаптың сүйемелдеуі мен және сүйемелдеуін сіз аңайтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен)
11	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру	«Үнемді тұтыну», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Еңбегі адал жас өрен: үй жануарлары мен үй өсімдіктеріне күтім жасау Қауіпсіздік ережесі Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер қозғалыс ережелерін сақтау. жол белгілерімен таныстыру Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. —Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПKE
ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ 2024-2025 ОҚУ
ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН

ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Білім беру ұйымы: №6 «Сандуғаш» бөбекжай-бақшасы ЖШС .

“Ботақан”ересек тобы

Балалардың жасы: 4-жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): Қараша айы, 2024ж

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: “Ұлттық ойын-ұлт қазынасы” “Аударыспақ””Теңге алу” “Қыз қуу””Арқан тарту” “Орамал тастамақ” “Ханталапай” “Сақина жасыру” Жүру:өкшемен жүру,сызықтардың бойымен жүру, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қауіпсіздік ережелері Секіру: 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру Лақтыру: заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Өнегелі 15- минут ересектермен және балалармен еркін қарым қатынас Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде атау. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері бойынша әңгімелер құрастыруға, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар туралы ақпаратты талқылауға баулу.
	Көркем әдебиет	“Менің Қазақстаным” балалармен Қазақстан Республикасының әнұраны Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, жұмбақ шешу.
	Қазақ тілі. (аптасына 1 рет)	Апта дәйек сөздері дәйексөздер естеріне түсіру Тілдік дамытушы орта. ыбыстық сөйлеу мәдениеті. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын анық сөйлей білуді дамыту Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, табиғат құбылыстарын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.

		Тілдің грамматикалық құрылымы. Үлгі бойынша жай сөйлемдер құра білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы сөйлеммен жауап беру.
және зияткерлік дағдыларды Танымдық дамыту	Математика негіздері.	SMART DALA жобасы зерделеу, көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды дамыту. Сан, санау. 3-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беру. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 3 көлемінде тура санауға жаттықтыру. Шама. Биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, заттарды салыстыру. Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және дене кубты танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, жоғары-төмен). Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру. Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері туралы ұғымдарын кеңейту.
Балалардың ығармашылық дағдыларын, зерттеуіс-әрекетін дамыту	Сурет салу	“ Табиғат әлемі ” бояулар сыры жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Еңбегі адал жас өрен Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.
	Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Заттардың (жануарлар, құстар) толық пішіні пайда болғанға дейін мүсіндеу.

	Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді қиюда қолдану.
	Құрастыру	Қамқорлық жобасы” “Адалдық алаңы” әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру ұрпақ сабақтастығы жоба жұмыстарын жүргізу Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру
	Музыка (аптасына 2 рет)	Күй күмбірі балалардың бойындағы музыканы тыңдауға қызығушылықтарын ,музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыру ,шығармашылық баулу.Музыка тыңдау.Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Би қимылдарын, ойын музыкалық әрекеттерін орындауға қызығушылықтарын арттыру. Музыкалық-ырғақты қимылдар. қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Ағаш қасықтармен, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және

		атау. Билер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғат әлемі Менің Қазақстаным қауіпсіз ережелер табиғатқа шықанда қауіпті жағдайларды алдын ала ойластырып отыру қазақстан туған жер балалардың табиғатқа деген патриотық сезімін ояту Жануарлар әлемі.Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоныздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024- 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: №6 «Сандуғаш» бөбекжай» ЖШС
Тобы: «Ботақан» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан 2024 жыл

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене тәрбиесі (аптасына 3 рет)	Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Бестемше, Тас қала, Қыз қуу, Асық ату, Шаңырақ, Теңге алу, , т.б.) «Жарысқа шық, жанұя» Еңбегі адал жас өрен, өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Табиғат орталығында, алаңқайда, топта, үйде қарапайым істерді орындпуға көмектесу (Ойын шаралар: Мен дұрыс киіне білемін, Қызық екен, Сұрақ-жауап, Тазалық біздің досымыз, Негізгі қимылдар. өкшемен,адымдап,сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгіруменалмастыру, сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; Аяқтың ұшымен,сапта бір- бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру.1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу:

		Жорғалау, өрмелеу: көлденең тақтада төрт аяқпен жорғалау, құрсаумен өрмелеу; гимнастикалық қабырғаға ауыспалы қадамдармен жоғары және төмен көтерілу, арқалықтың, гимнастикалық орындықтың үстіне шығу. секіру: аяқ бірге, аяқ алшақ, бір аяқпен (оң және сол жақта кезектесіп), 20-25 сантиметр биіктіктен, бір жерден ұзындығы (кем дегенде 70 сантиметр). доптарды айналдыру, бір-бірін заттардың арасына айналдыру; заттарды тік нысанаға (нысананың ортасының биіктігі 1,5 метр) 1,5 метр қашықтықтан лақтыру; доптарды бір-біріне төменнен, бастың үстінен лақтыру және оларды ұстау (1,5 метр қашықтықта). Құрылыс, қайта құру: сызық бойынша, бағдарларға сәйкес теңестіру; оңға, солға, айналады. Көркем гимнастика: бұрыннан үйренген жаттығулар мен циклдік қозғалыстарды музыка әуенімен орындау. Спорттық жаттығулар. Мұзды жолдармен өз бетінше сырғытыңыз.
--	--	---

Коммуникативтің дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Апта дәйек сөздері “Еңбегі адал жас өрен” “Республикам -мақтанышым” Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін мен жаңылтпаштар айтқызу Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөздік қорды мағынасы қарама- қарсы антоним сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
-----------------------------------	-----------------	--

Таны мдық және иятқ	Көркем әдебиет	“Республикам-мақтанышым”Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.Мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдану.
	Қазақ тілі(аптасына 1 рет)	“Апта дәйек сөздері”“Еңбегі адал жас өрен” Тілдік дамытушы орта.Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдану. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды анық сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән қ,ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор.Қоршаған ортадағы заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасындағы қызықты оқиғалар туралы айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жай сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу.Ойыншықтарды 4-5 сөйлеммен сипаттау
	Математика негіздері	“Еңбегі адал жас өрен”“Ұшқыр ой алаңы” Жиын.Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды салыстыру негізінде тең немесе тең

		еместігін анықтай білу Сан, санау.4-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 4 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шама.Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру . Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен). Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
алал арды ңшы ғарм	Сурет салу	“Еңбегі адал жас өрен”Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына,

		тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «құс тұмсық», «ботакөз» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.
	Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
	Жапсыру	“Ұшқыр ой алаңыТекшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алу. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.

		Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
	Құрастыру	SMART DALA жобасы Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қамқорлық Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. “Үшқыр ой алаңы” Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.
	Музыка (аптасына 2рет)	“Күй күмбірі” Музыка тыңдау. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, ән айтуды қалыптастыру (ре-си

		бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық-ырғақты қимылдар. Қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Ағаш қасықтармен, асатаяқ, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Билер.Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Атрибуттармен би қимылдарын орындау. Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру.
--	--	--

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	“Республикам-мақтанышым” “Еңбегі адал жас өрен” Үнемді тұтыну Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарындамыту.
---	-----------------------------------	--

